

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

« 02 » 02 2023 ж. № 43

Қарағандықаласы

город Караганда

Конкурсты өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 "мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін қызметке тағайындау, қызметтен босату қағидалары" бұйрығының, Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы "22" желтоқсандағы № 513 бұйрығының қосымшасы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023 жылдың 02 ақпаннан 10 ақпанға дейін "№53 мектеп-лицейі" КММ-де педагогтардың бос және уақытша бос лауазымына конкурс жариялансын. (Жауапты: Н. Хиса)
2. Педагогтерді лауазымға тағайындау, лауазымнан босату үшін, сондай-ақ мемлекеттік білім беру ұйымының педагог лауазымына орналасуға конкурс өткізу үшін келесі құрамдағы комиссия сақталсын:
 - Н.Хиса - директордың ОЖ жөніндегі орынбасары, төраға;
 - Г.Н. Сыздыкова – қорғаншылық және қамқоршылық бөлімінің бас маманы, комиссия мүшесі;
 - Ж.У. Хамзина – директордың ОЖ жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
 - Н.Ю. Жуковская – директордың БО жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
 - Т.В. Ходко – директордың БО жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі.
3. Конкурстық комиссияның хатшысы болып орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Е. М. Перепелкина тағайындалсын.

4. А.Х. Имаева конкурстық комиссияның отырысын аудиобейнежазбамен сүйемелдесін және бірінші отырыс өткізілген күннен бастап бір жыл бойы сақтасын.
5. Комиссияның барлық мүшелері мен хатшысы конкурсты ұйымдастыру тәртібін сақтасын:
 - Тиісті деңгейдегі білім беру ұйымдарының және (немесе) білім беруді басқару органының интернет-ресурсында және (немесе) әлеуметтік желілердің ресми аккаунттарында конкурс өткізу туралы хабарландыруды жарияласын (жауапты: А.Х. Имаева);
 - Конкурсты өткізу күні мен орнын айқындасын және конкурстық комиссияны қалыптастырсын (жауапты: А.Х. Имаева);
 - Конкурсқа қатысуға ниет білдірген үміткерлерден құжаттарын қабылдасын (жауапты: А.Х. Имаева
 - Үміткерлердің құжаттарының педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігін қарасын (Жауаптылар: комиссияның барлық мүшесі);
 - Конкурстық комиссияның қорытынды отырысына (жауапты: Н.Хиса).
6. Конкурсты өткізу мерзімдері бекітілсін - 12 күн (яғни 7 жұмыскүні (02 ақпаннан 10 ақпанға дейін дейін жексенбіден басқа) – құжаттарды қабылдау мерзімі; 5 жұмыс күні (13 ақпаннан 17 ақпанға дейін) – кандидаттардың құжаттарын қарау және конкурстық комиссияның қорытынды отырысы). (жауапты: Н. Хиса).
7. Конкурс нәтижелерін мектеп-лицейдің интернет-ресурсында, ұйымның әлеуметтік желілерінің ресми аккаунттарында конкурстық комиссияның қорытынды отырысы өткізілетін күні орналастырғаны үшін жауапкершілік А.Х. Имаеваға жүктелсін.
8. Осы бұйрықтың орындалуына жауапкершілік комиссия төрағасы Н. Хисаға жүктелсін.
9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор  Вакасова